

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитетінің мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 23 тамыз N 1221. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2004.10.28. N 1106 қаулысымен.

ЕСКЕРТУ. Тақырыбы және мәтінінде сөздер өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.25. N 133 қаулысымен .

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитеті (Мемэнерқадағалауком) туралы ереже;

2) Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитетінің (Мемэнерқадағалауком) құрылымы бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің мәселелері" туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы N 657 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

2-тармақтың 4) тармақшасы "энергетикалық" деген сөздің алдынан "Мемлекеттік" деген сөзбен толықтырылсын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 3 тамыздағы
N 1221 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитеті (Мемэнерқадағалауком) туралы Ереже <*>

ЕСКЕРТУ. Тақырыбы және мәтінінде сөздер өзгерді - ҚР Үкіметінің 2001.01.25. N 133 қаулысымен .

1. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрлігі құзыретінің шегінде арнайы атқару бақылау-қадағалау функцияларын жүзеге асыратын ведомство болып табылады.

2. Комитет өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына, Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметінің актілеріне, өзге де нормативтік құқықтық актілерге, сондай-ақ осы ережеге сәйкес жүзеге асырады.

3. Комитет мемлекеттік мекеменің ұйымдастыру-құқықтық нысанындағы заңды тұлға болып табылады өз атауы мемлекеттік тілде жазылған мөрі мен мөртаңбалары, белгіленген үлгідегі бланкілері, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес банктерде шоттары болады.

Комитет азаматтық-құқықтық қатынастарға өз атынан түседі.

Комитеттің, егер ол осыған заңдарға сәйкес уәкілетті болса, оның мемлекет атынан азаматтық-құқықтық қатынастардың тарапы болуға құқығы бар.

4. Комитет өз құзыретінің мәселелері бойынша заңдарда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының аумағында күші бар бұйрықтар шығарады.

5. Комитеттің құрылымы мен штат санының лимитін Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

6. Комитеттің заңды мекен-жайы:

473000, Астана қаласы, Бейбітшілік көшесі, 37.

7. Комитеттің толық атауы - "Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық қадағалау жөніндегі комитеті" мемлекеттік мекемесі (мемэнергқадағалауком).

8. Осы Ереже Комитеттің құрылтай құжаты болып табылады.

9. Комитеттің қызметін қаржыландыру тек қана мемлекеттік бюджеттің есебінен жүзеге асырылады.

Комитетке кәсіпкерлік субъектілерімен Комитеттің "функциялары болып табылатын міндеттерді орындау нысанасына шарттық қатынастарға түсуге тыйым салынады.

Егер Комитетке заң актілерімен кіріс әкелетін қызметті жүзеге асыруға құқық берілсе, онда мұндай қызметтен түскен кіріс мемлекеттік бюджеттің кірісіне жіберіледі.

2. Комитеттің негізгі міндеттері, функциялары мен құқықтары

10. Комитеттің негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

1) "өндірістің сенімділігін, қауіпсіздігі мен үнемділігін, энергияның берілуін,

бөлінуі мен пайдаланылуын қадағалау;

2) электр станцияларының электр және жылу жүйелерінің энергетикалық жабдықтарының, сондай-ақ меншік нысанына қарамастан тұтынушылардың электр және жылу пайдаланатын қондырғыларының пайдаланылуы мен техникалық жай-күйін қадағалау;

3) электр және жылу энергиясының ұтымды және үнемі пайдаланылуы мен өндіру режимін оңтайландыру және берілуін бақылау;

4) электр және жылу энергиясының сапасы жөніндегі мемлекеттік стандарттардың талаптары мен техникалық шарттардың сақталуына бақылау ж а с а у ;

5) электр энергетикасы саласындағы лицензияланатын қызмет түрлеріне қойылатын талаптардың орындалуын қадағалау;

6) ұйымдардың Қазақстан Республикасының электр энергетикасы саласындағы нормативтік құқықтық актілердің техникалық талаптарын о р ы н д а у ы н қ а д а ғ а л а у ;

7) энергетикалық жабдықтардың жұмыс тиімділігін арттыру, оны қайта жаңарту және жетілдіру бөлігінде стратегиялық инвесторлардың жұмысы бойынша ұсыныстар дайындау және Қазақстан Республикасының Үкіметіне ұ с ы н у ;

8) Қазақстанның біртұтас энергия жүйесінің бірнеше бөлікке бөлінуіне, электр және жылу энергиясы бойынша тұтынушыларды жаппай шектеуге, ірі энергетикалық жабдықтардың бұзылуына әкеп соқтыратын электр станцияларының, жылу және электр жүйелерінің жұмысындағы ірі технологиялық бұзылуларды тексеруді ұйымдастыру және есебін жүргізу;

9) заңды тұлғалардың энергетикалық тиімділігін зерделеуді ұйымдастыру.

11. Комитет заңдарда белгіленген тәртіппен мынадай функцияларды жүзеге а с ы р а д ы :

1) электрэнергетикалық кешенде мемлекеттік саясатты әзірлеуге қатысу;

2) электр энергиясы көтерме және сауда рыноктарының жұмыс істеуінің м о н и т о р и н г і :

3) электр және жылу энергияларының көтерме және бөлшек сауда рыноктарының жұмыс істеуімен байланысты техникалық мәселелер бойынша қ о р ы т ы н д ы л а р б е р у ;

4) электр станцияларының, электр және жылу жүйелерінің энергетикалық жабдықтарының, сондай-ақ тұтынушылардың энергетикалық жабдықтарының техникалық жағдайын кезең-кезеңмен тексеруді жүзеге асыру;

5) электр станцияларының, электр және жылу жүйелерінің қысқы жағдайларда жұмыс істеуі үшін жөндеу науқанының барысына және отын дайындауына бақылауды жүзеге асыру;

6) энергетикалық объектілерді техникалық пайдалану, апаттық және жарақаттанудың жай-күйі бойынша есеп беру жүйесін ұйымдастыру;

7) электр және жылу жүйелеріндегі аса маңызды техникалық-экономикалық көрсеткіштердің, отынның үлестік шығынының жай-күйіне, электр және жылу жүйелеріндегі электр және жылу шығындарының және энергетикалық объектілердің иелерінің оларды төмендету жөнінде қабылдаған міндеттемелерінің орындалуына мониторингті жүзеге асыру;

8) электр және жылу энергиясының сапасы жөніндегі мемлекеттік стандарттар мен техникалық ережелердің талаптарының сақталуын бақылау жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу;

9) электр энергетикасы саласында лицензияланатын қызмет түрлеріне талаптардың орындалуын қадағалауды жүзеге асыру;

10) электр энергетикасы саласында ұйымдардың Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің техникалық талаптарын орындауына қадағалау жүргізу;

11) стратегиялық инвесторлардың электр энергетикасындағы негізгі қорлардың жай-күйін жақсарту, жабдықтарды қайта жаңартуды және жетілдіруді жүргізу жөніндегі жұмыстарды жүргізуіне мониторингті жүзеге асыру;

12) электр энергетикасы кешенінде қолданылып жүрген заңдар мен техникалық және технологиялық нормалардан тұратын нормативтік актілерді, ережелер мен стандарттарды жетілдіру жөнінде ұсыныс дайындау;

13) электр және жылу энергиясын ұтымды пайдалану жөнінде техникалық сараптама жүргізуді, энергия үнемдеу саясатын орындауды ұйымдастыру;

14) электр станцияларының, электр және жылу жүйелерінің энергетикалық жабдықтары жұмысындағы технологиялық бұзылуларды сарапшыларды тарта отырып тексеруді ұйымдастыру;

15) техникалық жағдайы мен электр және энергия қондырғыларын пайдаланудың қауіпсіздігін бақылауды жүзеге асыру мақсатында электрлік жылу энергиясын өндіру, беру және таратуды жүзеге асырушы ұйымдардың техникалық басшыларының техникалық пайдаланудың қауіпсіздік ережелері мен қауіпсіздік жөніндегі білімдеріне сыныптық тексеру ұйымдастыру;

16) Қазақстан Республикасы қолданылып жүрген заңдарында белгіленген өзге де функцияларды жүзеге асырады.

12. Комитет негізгі міндеттерді іске асыру және өзінің функцияларын жүзеге асыру үшін заңдарда белгіленген тәртіппен:

1) кәсіпорындар мен ұйымдардың энергетикалық жабдықтарының, электр және жылу пайдаланатын қондырғыларының және оларға қызмет көрсететін қызметкерлердің жұмысына тексерулер жүргізуге;

2) тексеру актілерін жасауға және Комитеттің құзыретіне кіретін мәселелер

бойынша тиісті ұйымдардың басшылары орындауға міндетті ұйғарымдар е н г і з у г е ;

3) энергетика кәсіпорындарының қыс жағдайларындағы жұмысқа әзірлігін бағалауға және дайындық актілерін беруге;

4) қадағалаудағы энергетикалық жабдықтарды зерттеу, энергетикалық ұйымдарды кешенді тексеру жүргізу кезінде тиісті сарапшыларды тартуға;

5) электр станцияларының, электр және жылу жүйелерінің жұмысындағы технологиялық бұзылуларды тексеру жөнінде комиссиялар тағайындауға;

6) электр энергетикасы кешенінің субъектілерінен және қадағалаудағы жабдықтардың меншік иелерінен өз функцияларын жүзеге асыру үшін техникалық-экономикалық ақпарат алуға;

7) олардың кінәсінен аварияларға, қайғылы оқиғаларға және нормативтік құқықтық құжаттардың талаптарын өзге де өрескел бұзуға жол берген тұлғаларды тәртіптік жауапқа тарту туралы ұйымдардың меншік иелеріне ұ с ы н ы с т а р е н г і з у г е ;

8) аварияларға, қайғылы оқиғаларға және нормативтік құқықтық құжаттардың талаптарын өзге де өрескел бұзуға жол берген тұлғаларды заңдарға сәйкес әкімшілік немесе қылмыстық жауапкершілікке тарту туралы материалдарды тиісті мемлекеттік ұйымдарға жіберуге;

9) заңдарға сәйкес басқа құқықтарды жүзеге асыруға құқығы бар.

3. Комитеттің мүлкі

13. Комитеттің жедел басқару құқығындағы оқшауланған мүлкі болады.

14. Комитеттің мүлкі республикалық меншікке жатады.

15. Комитеттің өзіне бекітілген мүлікті өз бетінше иеліктен шығаруға немесе оған өзге тәсілмен билік етуге құқығы жоқ.

Заңдармен белгіленген жағдайларда және шектерде Комитетке мүлікке билік ету құқығы берілуі мүмкін.

4. Комитеттің жұмысын ұйымдастыру

16. Комитетті Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық ресурстар министрінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Үкіметі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын Төраға басқарады.

17. Комитет төрағасының оның ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының Энергетика және минералдық ресурстар министрі қызметке тағайындайтын және қызметтен босататын бір орынбасары болады.

18. Комитеттің төрағасы Комитеттің жұмысын ұйымдастырады және оған басшылық жасайды және Комитетке жүктелген міндеттердің орындалуы мен оның өз функцияларын жүзеге асыруы үшін жеке жауап береді.

19. Осы мақсаттарда Комитет төрағасы:

1) өзінің орынбасарының және Комитеттің құрылымдық бөлімшелері

- басшыларының міндеттері мен өкілеттіктерін айқындайды;
- 2) заңдарға сәйкес Комитет қызметкерлерін қызметке тағайындайды және қызметтен босатады;
- 3) Комитеттің қызметкерлеріне заңдарда белгіленген тәртіппен тәртіптік жазалар қолданады;
- 4) Комитеттің бұйрықтарына қол қояды;
- 5) Комитеттің құрылымдық бөлімшелері туралы ережелерді бекітеді;
- 6) заңдарға сәйкес өзге де өкілеттіктерді жүзеге асырады.

5. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату

20. Комитетті қайта ұйымдастыру және тарату Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жүргізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің
1999 жылғы 23 тамыздағы
N 1221 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасы Энергетика және минералдық
ресурстар министрлігінің Мемлекеттік энергетикалық
қадағалау жөніндегі комитетінің құрылымы <*>**

Б а с ш ы л ы қ

Мониторинг және талдау басқармасы

Техникалық инспекция басқармасы